

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАГЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ**

**ШЫМКЕНТ КАМПУСЫ**

**Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультеті**

**2023-2024 оку жылындағы Денсаулық сактау (медицина) резиденттерін даярлау бағыты  
бойынша академиялық комитет Кеңесінің №1 мәжілісінің хаттамасы**

**Шымкент қаласы**

**04.10.2023ж**

**Бас ғимарат 205 аудитория**

**сағ.15-00**

**Катысқандар:** Төрагасы-Оразбаева Ж.Т.

Академиялық комитет кеңесінің мүшелері

**Катыспағандар:** жок

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. АК жұмысын ұйымдастыру, ережелермен танысу, 2023-2024 оку жылына жұмыс жоспарын әзірлеу.
2. Резиденттура білім беру бағдарламаларының даму жоспарларын әзірлеу немесе қайта қарастыру.  
Жана ББ 2022-2026 жж. колданыстағы ББ 2022-2026 жж.

**1. Денсаулық сактау (медицина) резиденттерін даярлау бағыты бойынша академиялық комитет кеңесінің жұмысын ұйымдастыру, құрамын талқылау және бекіту мәселесі бойынша факультет деканы С.А.Туктибаева сөз алды.**

Академиялық қызмет кеңесінің құрамын төмендегідей ұсынды:

<b>№</b>	<b>Аты-жөні</b>	<b>Қызметі</b>
Академиялық комитет кеңесінің төрайымы		
1	Оразбаева Жанар Турисбековна	Академиялық комитет кеңесінің төрайымы
<b>Кеңес мүшелері</b>		
2	Кулаев Куаныш Тағаевич	«Жалпы дәрігерлік практика 1» кафедрасының менгерушісі м.ғ.к.
3	Аманбаева Бақыт Қалбергеновна	«Ішкі аурулар» кафедрасының менгерушісі м.ғ.к.
4	Дауреханов Асатай Маметович	«Жалпы дәрігерлік практика 2» кафедрасының менгерушісі м.ғ.д., профессор м.а.
5	Утепбергенова Гулмира Алкеновна	«Жұқпалы аурулар және фтизиатрия» кафедрасының менгерушісі м.ғ.д., профессор
6	Муқанова Улжан Абильбековна	«Хирургия, анестезиология-реанимация» кафедрасының менгерушісі м.ғ.к., профессор
7	Калдыгозова Галия Еркинбековна	«Арнайы хирургиялық пәндер» кафедрасының менгерушісі м.ғ.к
8	Абасова Гаухар Бегалиевна	«Неврология, психиатрия, наркология » кафедрасының менгерушісі м.ғ.к, доцент
9	Токбергенова Света Менлитаевна	«Педиатрия» кафедрасының менгерушісі м.ғ.к, доцент
10	Бегімбекова Лаззат Мыктыбековна	«Акушерия-гинекология» кафедрасының менгерушісі м.ғ.к, доцент

11	Газизова Қарлығаш Гимрановна	«Профилактикалық медицина және стоматологиялық пәндер» кафедрасының менгерушісі, магистр
<b>Жұмыс беруші оқілдері</b>		
12	Дильдабеков Жанболат Бердибаевич	Облыстық клиникалық аурухана бас дәрігері
13	Сүйгенбаев Дархан Жорабекович	«Шымкент Жүрек орталығы» басшысының уақытша қызметін аткарушысы
14	Калибеков Қайрат Жакипович	№1 қалалық клиникалық аурухана бас дәрігері
<b>Білімгерлер оқілі</b>		
15	Алимова Юлдуз Улугбековна	7R011007 «Кардиология ересектердің, балалардың» РКҚ-02-22

#### ШЕШІМ №1:

Факультеттің академиялық комитет кенесінің жұмыс жоспарын және құрамын бекітуге университеттің Академиялық комитет кенесіне бекітуге ұсынылсын (жауапты: АҚ тәрагасы Оразбаева Ж.Т.)

Денсаулық сактау (междицина) резиденттерін даярлау бағыты бойынша академиялық комитеттің 2023-2024 оку жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бойынша қарастыратын мәселелер бойынша, жұмыс барысында колданылатын Ережелермен презентация арқылы толық таныстырып өтті.

#### ШЕШІМ №2:

- 1) Академиялық комитет кенесінің жұмыс жоспарын бекітуге университеттің Академиялық комитет кенесіне бекітуге ұсынылсын (жауапты: АҚ тәрагасы Оразбаева Ж.Т.)
- 2) Мәліметтер назарға алынын.

#### 2. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізі мәселесі бойынша

2-ші мәселе бойынша Облыстық клиникалық аурухана бас дәрігері Султанов Е.Е. сөз алды.

Медицинаның дамуы үшін жоғары технологиялық құрал-жабдықтар, сапалы материалдық база қажет. Алайда бұл құрал-жабдықта жұмыс істейтін адам болмаса оның барынанда пайда болмайтыны анық. Медицинаның басты байлығы ол –маман. Дәрігер болмаса, мейіргер болмаса күніміз не болмақ. Сол себептен де «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасында да медициналық білім беруді дамыту бағытына ерекше көніл бөлінеді. Денсаулық сактау жүйесіндегі еңбек нарығын мемлекеттік реттеу медицина қызметкерлерін сапалы дайындау және халықтың мұқтаждықтарына сәйкес барабар бөлу мақсатымен адами ресурстарды басқару жөніндегі бірыңғай саясаттар мен бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру бүгінгі уақытта аса маңызды.

Медициналық білім беруді дамыту клиникалық тәжірибе, медициналық білім беру және ғылыми қызметтің ұштүгірлігін қарастырады. Аталған мақсатта медициналық қызметтер мен кадрларды дайындаудың толық кезеңі қағидасымен ғылыми ұйымдардың, медициналық ЖОО-ның, стационарлық және амбулаторлық ұйымдарды біріктіру негізінде интеграцияланған академиялық медициналық орталықтарды (университеттік емханаларды) дамыту тұжырымдамасы жасалды. Жаңа клиникалық базалар мен университеттік клиникаларды құру жетекші халықаралық медициналық университеттер және ұйымдармен серіктестік негізінде жүзеге асырылады. Академиялық үрдіске жетекші шетел мамандары, басшыларды (менеджерлерді), ғалымдар мен оқытушыларды тарту тәжірибесі кең көлемде колданылатын болады. Кез-келген салада дамудың негізгі күші ол сапалы адами ресурс. Медицина саласында бұр ресурс-мамандар. Яғни, дәрігер, мейіргер, фельдшер, фармацевт. Тұракты негізде саланың адами ресурстармен сандық және сапалық қамтамасыз етілуіне талдау, саладагы еңбек нарығын талдау және бағалау жүргізі қогам сұранысына және талабына сай

туындалған. Сондыктан да медициналық мамандардың ролі, оның кызметінің маңыздылығы және біліктілігі мен білімі әрқашан өзекті мәселе болып қала бермек.

2-ші сұрақ бойынша кафедра менгерушісі м.ғ.к., доцент С.М.Тоқбергенова сөз сөйлемді. Педиатрия мамандығы бойынша кадр даярлау нарығына талдау жүргізу нәтижелерімен ОПҚ-н таныстыруды. Атап айтқанда, Түркістан облысы мен Шымкент қаласындағы балалар емдеу мекемелерінің (Облыстық балалар ауруханасы, №1 қалалық балалар ауруханасы) басшыларымен сұхбаттасу және сауалнама жүргізілген нәтижесінде, бұл мекемелерде дәрігер-педиатрлер тапшылығы анықталған. Сонымен қатар резиденттура «Педиатрия» бойынша оқып жатқан білім алушыларға қазіргі таңда өзекті бағыттарға қоңіл болінуі ұсынылды. Бұдан басқа республиканың басқа өнірлерінен келген емдеу мекемелерінің жұмыс берушілермен әңгімелесу барысында жогарыда аталған мәселелер талқыланды.

**3.Университет тұлектерінің моделін әзірлеу:әдістемелік семинар, тренинг ұйымдастыру:** тұлектер моделін әзірлеу мәселесі бойынша «Хирургия және анестезиология-реанимация» кафедра менгерушісі У.А.Муканова сөз алғып, мәселені талқылады. Резидентураны бітірген тұлектердің моделі, жан жақты ізденуші, ғылымның дамуына үлес қосуши, алған ілімін тәжірибе жүзінде колдануши, жогары мамандандырылған тәжірибелі дәрігер болуы тиіс екенін атап өтті.

Сонымен қатар, 3-ші сұрақ бойынша «Педиатрия» кафедра менгерушісі, м.ғ.к., доцент С.М.Тоқбергенова сөз сөйлемді. Резидентураның «Педиатрия» мамандығы бойынша ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру кафедра доценті П.Е.Калменова жүктелгенін айтты.

1.Әр түрлі мәселелер болған жок.

АК төрагасы:



Оразбаева Ж.Т.